

# Аналар – асыл жандар

Мейрам қарсаңында ақжаулықты әжелеріміз, ардақты аналарымыз бен аяулы қыз-келіншектер ерекше ілтипатқа бөленді

Әйел баласы «Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеген» деп бекер айтылмаса керек. Бар айналасына шуағын сыйлап, жылулық беретін аналар мен нәзік жанды арулар.

Аналарымыздың құрметіне, Халықаралық әйелдер күніне орай, аудандық «Юбилейный» мәдениет үйінің өнерпаздары «Аналар – асыл жандар» атты мерекелік концерт ұйымдастырды.

Айналаға мейірім мен жылулық, сылулық пен даналық сыйлай білетін, асыл жанды аруларымыз. Көктемнің ең шуақты мерекелерінің бірі – Халықаралық әйелдер күні. Бұл күн қыз-келіншектер үшін ерекше және қуанышқа толы күн. Бұл күнде аналар мен қыз-келіншектер ерекше сый-құрметке бөленіп, құшақтары гүлге толады. Аналарымыздың еңбектері еленіп, алғысқа бөленеді.

Аудандық «Юбилейный» мәдениет үйінің өнерпаздары, тарихы тереңде жатқан 8 наурыз мерекесіне орай, «Аналар – асыл жандар» атты мерекелік онлайн концерт ұйымдастырды. Мәдениет ошағының киелі сахнасында әннен шашу шашылып, бишілер мың бұрала би биледі.

Меңдіқара ауданы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Жанат Тәженова барша аруларымызды төл мерекелерімен құттықтай отырып, мәдениет саласының майталманына айналған қыз-келіншектерге Алғыс хат табыс етті. Роза Маутанова, Жансая Советова, Галина Гульман, Жұпар Жылқайдарова, Әйкерім Шанатова сынды мәдениет саласының абыройлы қызметкерлері Алғыс хаттармен марапатталып, қуанышқа кенелді.

Мерекелік концерт Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Бақытжан Сәуекеновтың құттықтауымен жалғасты. Өнер жанашыры барша аналарымыз және



бұрымдыларымызды келіп жеткен Халықаралық әйелдер күнімен құттықтап, қыз-келіншектерге деген ақ тілегін білдірді. Ақ жаулықты аналарымыздың құрметіне «Анажан» атты әнін орындады.

- Ақжаулықты аналарымыз, ардақты аналарымыз, барша аруларымызды келіп жеткен көктемнің шуақты

да, жылулыққа толы мерекесімен құттықтаймын. Әйел баласының бүгінгі қоғамда алаң орны ерекше. Барша әйелдер қауымына денсаулық, шаттық, бақыт тілеймін, - деді өнер жанашыры.

Мерекелік іс-шарада аудан өнерпаздары театрландырылған көріністен үзіндіні көрсетіп, бағдар-

лама хореографиялық қойылыммен айшықталды. Мерекелік концерт әсем ән, тамаша бимен жалғасын тапты. Бүгінгі күннің қатаң талабына сай, онлайн түрде өткізілген концерт, нәзік жанды аруларымызға ерекше көңіл-күй, қуаныш сыйлады деген ойдамыз.

Тұрсынәй МҰХТАРҚЫЗЫ